



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 4

2023

ISSN 2310-3353



BAITURSYNOV
UNIVERSITY



Список литературы

1. Открытое досье по инклюзивному образованию. – ЮНЕСКО – 2003.
2. Инклюзивное образование. Вып. 1 / сост. С. В. Алехина, Н. Я. Семаго, А. К. Федина. – М. Школьная книга, 2010. – С. 272№
3. Абасов З. Дифференциация обучения: сущность и формы // Директор школы. – 1999. – №8. – С.61.
4. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе /Методические рекомендации – 2019 – С.8.
5. Хитрюк, В.В. Основы инклюзивного образования: учеб. метод, комплекс / В.В. Хитрюк, Е.И. Пономарёва. Барановичи: РИО БарГУ – 2014 – С. 52.

МИЗАМБАЕВА, Р.Н.

МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ ҚОЛАЙЛЫ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мектепте инклюзивті жайлы ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары.

Бұл мақалада мектептерде жайлы Инклюзивті ортаны қалыптастырудың негізгі психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылады. Барлық оқушылар үшін бірдей білім беру мүмкіндіктерін түсінуге және құруға көп көңіл бөлінеді. Зерттеу инклюзивті білім беру тұжырымдамасын, педагогикалық әдістерді және осындай білім беру тәжірибесінің тиімділігіне әсер ететін факторларды талдауды қамтиды.

***Кілт сөздер:** инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық шарттар, тең болу мүмкіндіктері, білім беру орта, бөлімшелі қызметке арналған әдістеме.*

MIZAMBAYEVA, R.N.

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION OF THE INCLUSIVE AND FRIENDLY ENVIRONMENT AT SCHOOL

This article delves into the psycho-pedagogical prerequisites required to establish a friendly and inclusive educational atmosphere at schools. In the contemporary educational context, special attention is given to ensuring equitable opportunities for all students, irrespective of their individual traits. The study is founded upon an analysis of the inclusive education concept, including its principles and objectives, as well as identifying the psychological aspects that influence the development of a comfortable educational setting. Furthermore, the paper examines the pedagogical techniques and approaches facilitating the successful implementation of inclusive practices, along with the factors affecting the efficacy of inclusive education within school environment. In conclusion, the article underscores the significance of adopting a systematic approach and fostering collaboration among all educational stakeholders to cultivate effectively a supportive and inclusive educational environment.

***Key words:** inclusive education, psycho-pedagogical conditions, equitable opportunities, educational environment, differentiated approach.*

ӘОЖ82.0(574)

Мырзагалиева, К.М.,

филология ғылымдарының кандидаты,

А. Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

тіл және әдебиет теориясы кафедрасының

қауымдастырылған профессоры

КӨНЕ СӨЗДЕРДЕ КӨРКЕМ ОЙ БАР

Түйін

Бүгінгі тәуелсіздік кезеңде ұлттық тіліміздің, терминдердің қалыптасу кезінде ақын-жазушылардың шығармаларындағы көне сөздерді жинап, қолданысқа кіргізу парыз.

Мақалада Н. Ахметбековтің «Аманкелді» дастанында кездесетін көне сөздердің мән-мағынасы көрсетіледі.

Кілт сөздер: ақын, Аманкелді, қазақтың түсіндірме сөздігі, көне сөздер, ерлік.

1 Кіріспе

Қазақ халқының өткен тарихы да, тілі мен мәдениеті де ауыз әдебиетінде-эпостық жырларында сақталған. Ұмытыла бастаған небір асыл сөздеріміз көне мұраларымыздан кездеседі. Соны ерте аңғара білген данышпан атамыз Ахмет Байтұрсынов «Жоқтау» деп аталатын еңбегінің алғы сөзінде тілді ешкім ойлап шығармағанын, ол қалың елдің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қайнап пісіп жетілетінін айта келіп: «Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» тілді безеп жолға- жөнге салып жүйесін айырып өсіреді, - дейді. – Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда, мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмақтарды, ертегілерді, өлеңдерді тағы-тағы осындайларды!»

Ақындар өлеңдерін байыппен оқып, тіліне айырықша мән бергенімізде қазақтың көне сөздерінің қазіргі ақындарымыз өлеңдерінде де жиі ұшырасатынын аңғардық.

2 Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуда теориялық талдау әдісі қолданылды. Дастандағы көне сөздердің мағынасы, қолдану аясы ғылыми еңбектерден қолданыс тапты. Ақынның дастанын талдауда бірізділік сақталды.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Аманкелді Имановтың ерлік істерін жырға қосып, алғаш елге жеткізгендердің бірі – халық ақыны Нұрхан Ахметбеков еді. Соның бір айғағы оның «Аманкелді» дастаны. Ол жайында 1944 жылы Мұхтар Әуезов: «Аманкелді асылының қадірін ұғып толғаған ақын Нұрқан:

Халықтың алтын қазығы ед,
Жалғыз малта азығы ед,
Тұлпардай сұлу тұлғалы ед,
Қатардан басым туған ед,
Атасы жаудан қайтпаған,
Атақты батыр Иман ед, –

деп баян етеді. Аманкелді өзі ғана емес, өзі туған тегінен, елінің арғы тарихынан ерлік намыстың өшпес бір шақпақ отын әкеле жатқан ері. Сондықтан ол өзге пішінде емес, халықтың өзіне таныс, ыстық асыл, етене жақын бейнеде суреттеледі.

«Ақшолақ иығында, белде қылыш,
Айбалта тақымында алмас құрыш.
Сүйеніп ат үстінде ақ найзаға,
Түнеріп жауар бұлттай етті тыныс,» –

дейді [1;102 б.].

Заңғар жазушы одан әрі де Аманкелдінің сан қол боп соңына ерген сарбаздарды бастағанын, аты аңызға айналғанын айта келіп, тағы да оны Нұрхан Ахметбековтің қалай жырына арқау еткенін өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып жеткізеді.

Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбеков «Аманкелді» дастанында:

Кеш жатып, ерте тұрып ызғақталған,
Таң атса, құр сарғайып күн батпаған,

- дейді [2;18 б.]

Осы жолдардағы «ызғақтаған» деген сөз қазір көп қолданыла бермейді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөзге былайша анықтама берілген: «Ызғар зат. 1. бет қаритын суық, үскірік. Ызғар (етістік) үйіре соғу, үру.

Жерді басқан аппақ қар соғады аяз,
Ізғырып қызыл шұнақ жалмаңдап,
Билеп күлет сыңғырлап (С.Сейфуллин, өлеңдер)
Ізғырып соққан зәрлі жел сүйегіңнен өтеді. (Ә.Нұршайықов «Менің Қазақстаным»)
[2; 383 б.]

Бетімше күнелтермін кәсіп етіп,
Аң аулап, арық қазып, атпа атсам да. [18 б.]

«Атпа» сөзінің түсіндірмесі де сөздікте бар: «Атпа» зат, көне. Егінге су шығаратын ең қарапайым құрал. Атпа атты. Атпамен егінге су шығарады. Егіннің суаратын құралы-атпа;
Атпа атып аш адамдар болды қатпа,
Қамында халық болудың қайла еткен,
Түспеуге аштық деген ажалды отқа.
(О.Шипин, Екі дастан)

Жаурынын жаздай күнге қақтатып,
Әкем сол жыл бөлтек салған атпа атып,
Күзде болыс: «егін егу заңсыз», - деп,
Аз астықты алып кетті хаттатып (Қ.Жармағанбетов, Баллада) [3;437 б.]
Қос тігіп жеңіл желкөз керегеден,
Қант пен шай, азық теңдеп кебежеден.... [24 б.]
Желкөз – зат, көзі үлкен-үлкен етіп жасалған кереге. Кішкене көзді кереге тар көз деп аталады да, үлкен көзді кереге желкөз деп аталады. (Қаз ССР тарихы) [ҚТТС, 4том, 66 б.]

Ақша қар қанды сонар бола қапты,
Келмейді жазғы етіктің жұлығынан (27 б.)

Жұлығынан –жұлық зат. Аяқ киімнің басы мен табаны жалғасқан жері, жиегі.
Аяғына жұлығына жамау түскен көне былғары етік.. (Б.Соқпақбаев. Жекпе-жек.)
Үдере мекеніне қайтатұғын
Түскенде ақша қырау, күзгі сілбі (29 б.)
Сілбі – бұл сөзді түсіндірме сөздіктен таппадық. Күзгі жаңбырдың шөпке жапырақтарға қонып, қатуын қазақ «Шөпке сілбі түсті»-дейді.
Көш келіп, қобақтата қона кетті,
Жолдасы елге хабар сала кетті (30 б.)

Әріп қатесі емес пе екен? Күн қырдың қабағында, беткейінде, кемерінде тұр деген сияқты, бәлкім қабақтата шығар?

Тәраку жан басына таратқанда,
Аңшының жалғыз басты жетті малы (30 б.)

Тәраку да түсіндірме сөздікте жоқ болып шықты. Тараку-садақа тарату.

Ақ шапан, ала белбеу сәлделімен
Көбейді күпсердей бол саудагерлер (30 б.)

«Күпердей – (түс). Күпсердей сын. Қалың, күмпиген. Күпсердей күпі-шекпенділер мен шұбалған көйлек, жаулықтылар да үй арасында жиі-жиі көрінеді. (Ғ.Орманов . Жүрек)»
[ҚТТС, 5т., 47б.]

Басында сұпысы бар биік заңғар,
Сондықтан «Түйе шыңы» деп аталады (30 б.)

Сұпысы – «Сұпы» зат. Жұқа ақ мата, ақ дабы. Ақ сұпыға сары, қызыл жіппен тігілген кимешектің жақтарына осы айтылған жіп түстерінің көп пайдаланылғаны дәлелденді. (С.Қасиманов Қазақстан пионері) [ҚТТС, 2 т.,394 б.]

Қанатбай сүймесе де алдау, мақтау,
Салақ ед бір басына сарбалақтау (31б.)

Сарбалақтау-салақтықтың бір түрі болуы керек, анық-қанығын біле алмадық.

Бостандық басымызға болда қалса,
Байлықтан болар едік біз бидамақ (32б.)

Бидамақ-аулақ болу.

Бір ту қой ортасынан сатып алып
Жасаған жар басында деңгенені (38б.)

Деңгене – сере.

Баясы балқурайдың тартан сырдаң
Кезінде ел құлайтын көшіп қырдан (41 б.)

«Бая» зат сөйл. Пая. Тоғайдағы тікенді шіліктердің, шилердің, аңыз баяларының арасымен қояндай ырғып, бөгеліссіз замғаймыз. (Б.Сокпақбаев, балалық шақ). Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі, Тай-тұяқ алма күміс төбедегі, жайғыш боя қуып Тоқыс шалдың ұстады қойын, тонын шегелдегі (І. Жансүгіров шығ.) Бұл жерде баясы деп автор балқурайдың күздегі түр-түсін, сырдаң таратқан шағын айтып отырған сияқты.

Боя- (сын.) Бақырауық, боялар, беймаза.

Қайратын келдім көре асқан дүрдің. (46 б.)

«Дүр- ар. сын. Атақты, даңқты, аты шулы.

Парсыда өткен Фирдауси,
Заманында дүр еді.
Не жүйрік келіп дүниеге
Аяқтарын тіреді (Үш ғасыр.).

«Дүр Шорман, жуан Шорман, шонжар Шорман
Атанып Сарыарқаның байы болған». (Ғ. Молдыбаев, Қырым қызы) [Қ.Т.Т.С. 211 б.]»

«Дүрдің» мағынасы көп. Дүр- қауырт, күрт, бірден, Дүр-дүрри араб тілі, маржан, інжу, «Дүр»-шыл. Көне. –ды (-ді) қосымшасының көне формасы. Жақсылыққа жақсылық, әр кісінің ісі дүр, Жамандыққа жақсылық Ер кісінің ісі дүр (мақал). Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң, Не қылса да артық дүр сенен бағам (Жамбыл шығ.). [Қ.Т.Т.С.211б.].

«Дүр» сөзі Шалкиіз Тіленшіұлының (1465-1560) «Жапырағы жасыл жаутерек» деп басталатын жырында да кездеседі:

Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден -дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,

Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр.» [5;36 б.]

Алақаншық- алай-түлей құйындатып соғатын қатты боран. Ақбайтал-жаяу борасын. Қасарын-білмедік. Қауыс-қараша (байырғы қазақ календары бойынша). Шар- «шұбырған көп шиыр. Малдың осынша шарынан жирен айғырдың ізін Сәкеннің ажыратқанына сенбейтіндігін жасырып, түсінбейтіндігін айтып салған(Нәжімеденов Ж. «Кішкентай») (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі «Ғылым», 1966. 10 т. 147-148 б.) Жекен- көбінесе өзен-көлдердің жағасында өсетін шөп. «Желбір жекен, желіп жүрген тоғайда біз бір бөкен» (Халық әні). Қаракұрлық- қара өзек шақ деген сияқты қар баспаған ашық жерлер болуы керек. Қопсау- қопсыған, бос, жұмсақ, борпылдақ. Жусап- «Жуса-жаппай қирау, қырылу» (Сонда. 4 т. 197 б.) Бірақ мұндағы «жусап» -жуасып емес пе екен? Еркек – шөптің атауы. Сонда «шағырлы еркек»- шағырмен аралас өскен еркек шөп. Шұрық-мағынасын таба алмадық. Ойтаң- «Ойпаң. Мұндай барлау жұмыстары таусыз, ойтаң, шөгінді қабаттар орналасқан аудандарда жүргізіледі» (Маташев М. «Қара алтын»). (Сонда 6 т. 396 б.). Жармойын – мойны жар бермейтін жалқау, еріншек, бойкүйіз. Қосын – Жауынгерлер тобы, әскер, Бұлар ауылға келісімен қосынды сұрай бастады. Жұрт оларды қызыл емес ақтардың қосыны деді. (Сейфуллин С. Шығ.) Жауынгерлердің тұрған жері. Дарақтың түбінен сексеуіл шырпыларын жинастырып, арқалап қосымызға қайта оралдық. (Әлішев О. Батыр.) (Сонда. 6 т. 371. б.) Жайлауыш- «Көп мінген (мінілген – қоңсыз ат.)» Қымызды қанша ішсе де бетінен шаң шықпайтын... Шалматай жайлауыш бестідей мойыны жіңішкеріп, қанша жесе де жұқпаған адам секілді». (Жансүгіров І Шығ.) (Сонда 6. 529.) Қобысына- таппадық. Іреу-көңілінде көңілсіздік жоқ. Жабырлап- жабырла, жабырласу, дабырласу.

«Көркем әдебиеттің тілін зерттеудің негізгі мақсаты- тілдің ғана емес, оның мүмкіншілігін көрсету» [6; 5],-дейді академик Р. Сыздық.

5 Қорытынды

Нұрхан Ахметбеков қолданған сөз мүмкіншілігін ақын өлеңдерінің жолдарынан аңғару қиын емес. Қаламгер сонау ерте заманда ата-бабаларымыз қолданған сөз маржандарын орнын тауып пайдаланып, бізге жаңғырта жеткізген.

Көріп отырсыздар, ақындар өлеңдерінде ғана емес, көне сөздер қазірге прозалық шығармаларымызда да кездеседі. Әсіресе, тарихи романдарымыз бен тарихи жырларымызда жиі ұшырасады. Тек оқып, іздеп тауып, мән-мағынасына қанығу- бүгіннің де ертеңнің де жауапты борышы. Сонда ғана тіліміз шұрайланып, байи түсетіні анық.

Нұрхан Ахметбековтің бір ғана дастанына шолу жасалды.. Ал барлық шығармаларын зерттеп, зерделей білсек, ұмытыла бастаған жүздеген сөзімізбен қауышармыз анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы» баспасы, 1981. – 102 б.
2. Ахметбеков Н. Амангелді дастаны А., «Жазушы» 1990.
3. ҚТТС,10 том,
4. Байтұрсынұлы А. Жоқтау А., 1993.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі., Алматы., «Ғылым» баспасы 1986.
6. «Бес ғасыр жырлайды» Алматы. «Жазушы», 1989.
7. Сыздықова Р. «Сөз құдіреті» Алматы; «Санат» 1997.

МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.

ЕСТЬ МЫСЛЬ ХУДОЖЕСТВЕННАЯ В ДРЕВНИХ СЛОВАХ

При формировании нашего национального языка и терминов в период независимости сегодня мы обязаны собрать древние слова из произведений поэтов и писателей и ввести их в повседневный оборот. В данной статье даётся значение древних слов из эпоса Н.Ахметбекова «Амангельди».

Ключевые слова: поэт, Аманкельди, толковый словарь казахского языка, древние слова, героизм.

MYRZAGALIYEVA, K.M.

THERE IS AN ARTISTIC THOUGHT IN ANCIENT WORDS

While forming our national language and terminology during the period of independence, it is imperative for us to gather ancient words from the literary works of poets and writers and integrate them into our everyday language. This article gives the meaning of ancient words from N. Akhmetbekov's epic "Amankeldi".

Key words: poet, Amankeldi, Kazakh explanatory dictionary, ancient words, heroism.

УДК 339.9

*Татиев, Н.С.,
магистрант 2-курса НПИ
Академии КНБ РК,
г.Алматы, Казахстан*

**ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО
КАЗАХСТАНА И КИТАЯ: 30 ЛЕТ ПАРТНЕРСТВА**

Аннотация

Статья посвящена исследованию экономического сотрудничества Казахстана и Китая, имеющую 30-летнюю историю. Автором проделан ретроспективный анализ ключевых событий в сфере экономического сотрудничества двух государств, продемонстрированы важные достижения и показатели двухсторонних отношений с момента установления дипломатических отношений.

Ключевые слова: экономическое сотрудничество, Шелковый путь, экономика, инвестиции, Казахстан и Китай.

1 Введение

Экономические отношения Казахстана и Китая имеют глубокую историю в две тысячи лет, зародившиеся с возникновением торговли на Шелковом пути. Шелковый путь как торговая магистраль возник в III веке до нашей эры и просуществовал до XVI века нашего столетия. Основная трасса Великого шелкового пути по территории Казахстана пролегла через юг страны, от границы Китая торговые караваны двигались через южные территории страны в Центральную Азию, Персию, на Кавказ и оттуда в Европу [1].

Древний Великий Шелковый путь способствовал углублению политических, экономических, гуманитарных отношений между кочевническим народом казахских степей и земледельческим народом востока, содействуя развитию и процветанию казахстанской степи.

В формировании этого пояса Казахстан стал важным узлом для строительства Шелкового пути благодаря своему особому географическому расположению, взаимодополняющей экономической структуре и очень высокой стратегической пригодности.

Сегодня Казахстан и Китай находятся на важном этапе своего государственного развития, национального возрождения и углубления межгосударственных отношений. Китай, как близкий сосед, остается одним из приоритетных направлений в многовекторной внешней политике Казахстана.